

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТУРИК УНИВЕРСИТЕТИ

СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТИ

**ЖАЛПЫ ДАМУДЫҢ ПӘНДІК МАМАНДАНДЫРЫЛМАГАН
МҰГАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІЦ № 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

12. 12.2022 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – п.ғ.к, доцент м.а. қауымд. профессор Е.Ауелбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының менгерушісі, доцент С.Акназаров, АК мүшесі, академиялық персонал - Бейнелеу өнері кафедрасының менгерушісі аға оқытушы М.Шаханбаев, АК мүшесі, академиялық персонал – п.ғ.д., профессор Қ.Е.Ералин, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының п.ғ.д., профессоры Б.Мухамеджанов, АК мүшесі, академиялық персонал – Бейнелу өнері кафедрасының оқытушысы Г.Қасымбекова, АК мүшесі, академиялық персонал – Бейнелу өнері кафедрасының аға оқытушысы Г.Д.Абдуллаева, АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасы, п.ғ.к., Ә.Б.Күздеубаева, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының оқытушысы Н.К.Айменов, АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасының аға оқытушысы Р.Н.Ельжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының оқытушысы Б.Ж.Қуанышбаев, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының аға оқытушысы Т.Б.Қасенов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – №24 мектеп директоры С.А.Құрақбаев, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Ж.Ташенов атындағы №23 IT – мектеп-дицейі КММ директоры Ж.Ж.Азретбергенова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Ататүрік атындағы №17 мектеп гимназиясы директоры Р.К.Урумова.

Күн тәртібінде

- 1.Бағдарламалық аккредиттеудің өзіндік бағалау есептерін әзірлеу
- 2.ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар,тренинг ұйымдастыру
- 3.Бакалавр денгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау
- 4.Бакалавр денгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау
- 5.Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тындалды:

АК төрағасы Е.Ауелбеков: Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгікүн тәртібінде Бағдарламалық аккредиттеудің өзіндік бағалау есептерін әзірлеу. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг

ұйымдастыру. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау. Желтоқсан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

АК мүшесі- Қ.Ералин: Бірінші мәселеге тоқталатын болсақ, жалпы дамудың пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша бағдарламалық аккредиттеудің өзіндік бағалау есептері өзірленді.

АК мүшесі, жұмыс беруші №24 мектеп директоры С.А.Құрақбаев: Қоғамдағы әлеуметтік экономикалық дамуының қарқынды жүруі білім берудегі құндылықты-мақсаттық бағдардың өзгеруі, когнитивтілігі білім беру үдерісіне қызығушылық танытқан түрлі субъектілердің талаптары мен қызығушылықтарына жауап беретін, бәсекеге қабілетті, құзыретті маман даярлауда жоғары кәсіби білім беру жүйесін жетілдіру қажеттігін алға шығарды. Білім беру жүйесінде өзара қатынас пен өзара әрекетті тиімді ұйымдастыруға қабілетті маманға деген қажеттілік айқындалып келеді, соған байланысты жоғарығы оқу орындарында «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша кадрларды даярлау үдерісі, бұл саланың қызмет дағдылары мен сапаларын менгерген, осы сала мамандарына деген тапсырысты анықтайды, ол жоғарығы білім беру жүйесінде студенттерді сәйкес мамандыктарға даярлауда жаңашылдықты талап етеді.

6B01478- Көркем еңбек және графикалық жобалау білім беру бағдарламасы педагогикалық білімдерді терең менгеруге, ұйымдастырылған оқу қызметіне және мониторинг жасау, педагогикалық кеңес беру, Көркем еңбек және графикалық жобалау пәндерінің жұмысын талдай алатын, сондай-ақ ғылыми қызмет, білім берумен байланысты баламен жұмыс істей алатын мамандарды дайындауға арналған.

Көркем еңбек және графикалық жобалаудың педагогикасы мен әдістемесі, оқыту, зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын, бала тәрбиесінде отбасына педагогикалық-психологиялық қолдау көрсететін мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу саласында ұйымдастырылатын оқу қызметтерінің мазмұны, әдістері, құралдары және нәтижелері туралы ақпараттарды өндеу мен қолданылатын түлектерді даярлау казіргі заманың талабы. Мақсатқа бағытталған-белсенді оқыту қабілеті қалыптасқан жеке және топта ақпаратты басқаруды, цифрлық технологияларды тарату процесін немесе жолдарын түсіндіре алатын, барлық салада экономикалық, кәсіпкерлік және шешімдер қабылдау дағдыларын қолдана біletін, заманауи педагог-суретші кез-келген мектепке өте қажет.

АК мүшесі -Г.Абдуллина: Ушінші мәселеге ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар АК мүшелерімен бірге ZOOM бағдарламасымен онлайн ұйымдастырылды. Семинар барысында ББ мазмұнын жобалаудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, кәсіптік қызметтің объектілері, түрлері мен бағыттары туралы ақпаратты, дескрипторларды қоса алғанда, маманның құзыреттілік моделін,

білім беру бағдарламасына сәйкес құзеттердің түрін, білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтыды.

АК мүшесі- Р.Н.Ельжанова: Төртінші мәселеге Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау мәселелері қарастырылды. ББ мазмұнына біраз өзгерістер жасалынады. Кафедраға қатысты ББ бойынша жіберетін аралық есеп, білім беру бағдарламасына қатысты сыртқы сараптама комиссиясының ұсынымдарын іске асыру жөніндегі қызмет туралы ақпаратты қамтиды және аккредиттеу стандарттары мен өлшемдеріне сәйкес ББ және университеттегі барлық өзгерістер, яғни оку-тәрбие үдерісіндегі ақпаратты қамтиды.

АК төрағасы Е.Ауелбеков: Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша, Құрметті АК мүшелері, келесі оку жылына білім беру бағдарламамызды жаңарту жұмыстары бойынша ауқымды жұмыстарды бірігіп жасайық. Бүгінгі мәжілісімізде талқылынған жұмыстар өте қөп болды, пікірлерін ортаға салған АК мүшелеріне рақмет айта отырып, мәжілістің шешімін қабылдайық.

Шешім:

1. «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерін даярлау» даярлау бағыты бойынша бағдарламалық аккредиттеудің өзіндік бағалау есептері қабылдансын.


2. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылсын.

3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалансын.

4. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясы анықталсын.

5. 2022-2023 оку жылына жұмыс жоспары бойынша желтоқсан айында атқарылатын іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

АК төрағасы:  Е.Б.Ауелбеков

Хатшысы:  Г.Д.Абдуллаева